

Күмісбеков С.К.

**Жаһандану дәуіріндегі  
девиантты мінез-құлықтың  
алдын алудың  
негізгі бағыттары**

Kumisbekov S.K.

**The main directions of  
prevention of deviant behavior in  
the era of globalization**

Кумисбеков С.К.

**Основные направления  
профилактики девиантного  
поведения в эпоху  
глобализации**

Мақаланың мақсаты жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтенуіне ғаламтордың тигізер пайдасы мен зиянын анықтау. Олардың тәрбиесі мен дамуына Интернеттің әсер етер рөлі анықталады. Жаһандану кезеңіндегі жаңа медиаортаның жағымсыз тұстары қарастырылады. Балалар үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажеттілігіне көңіл бөлінеді. Кәмелетке толмағандарға ғаламтордың жағымсыз әсер етуінің алдын алу туралы ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** жаһандану, кәмелетке толмағандар, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет-тәуелділік, суицид.

---

The purpose of this article is to determine the benefits and harms of the Internet on the socialization of adolescents and young adults. Defines the role of the Internet in the development and education of adolescents and young adults. In the process of globalization are considered negative aspects of the new media environment. The focus is on information security for children. Provided recommendations to prevent the negative impact of the Internet on minors.

**Key words:** globalization, minors, delinquency prevention, Internet addiction, suicide.

---

Целью данной статьи является определение пользы и вреда интернета на социализацию подростков и молодежи. Определяется роль Интернета в развитии и воспитании подростков и молодежи. В процессе глобализации рассматриваются негативные стороны новой медиасреды. Основное внимание уделяется обеспечению информационной безопасности для детей. Предоставлены рекомендации по предотвращению негативного влияния Интернета на несовершеннолетних.

**Ключевые слова:** глобализация, несовершеннолетние, профилактика правонарушений, интернет-зависимость, суицид.

## ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

### Кіріспе

Жаһандану дәуірінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, әсіресе Интернеттің пайда болуы қоғамдық қатынастардың барлық саласына әсер етуде. Керекті ақпаратынды оңай тауып, мемлекеттегі және әлемдегі соңғы жаңалықтарды тез жеткізетін оның пайдалы тұстары да бар. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Күн сайын миллиондаған адамдар оның қызметіне жүгінеді: біреулері жаңа достар іздейді, жұмыс іздейді, хат-хабар алмасады, ал кейбіреулері бос уақыттарын «өлтіреді».

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. БҰҰ шешімімен «XXI – ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру мен компьютерлендіру барған сайын ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісіне айналды.

Желінің даму жылдамдығы тез қарқынмен дамуда: 1993 жылы бүкіл жер шарында не бәрі 70 мың ғана қолданушы болса, 1999 жылы – шамамен 200 миллион, ал 2002 жылы – 580,78 миллион адам, яғни жер шарының 9,57% құраған, қазір бұл сан миллиардтан асып кеткен [1]. Ал соңғы ақпараттарға сүйенетін болсақ, 2015 жылы интернет-қолданушылардың саны 2,89 миллиард адамға дейін көбейіп, жер шарының 42,2% тұрғынын қамтиды. 2018 жылы тіпті интернет-қолданушылардың саны 3,6 миллиардқа жетіп, яғни 48,2% құрайды. Интернеттің мұндай тез қарқынмен дамуына арзан ұялы телефондар мен интернеттің қолжетімді болуына байланысты [2].

Саяси шешімдер институтының ақпараты бойынша, 2013 жылдың мамыр айындағы Қазақстандағы ең көп пайдаланылған әлеуметтік желілердің ішінде, бірінші орынды «Мой Мир» (Интернет тұтынушылардың 64,4%), екінші орынды «Одноклассники» (25,9%), үшінші орынды – «ВКонтакте» (22,7%) әлеуметтік желісі иеленген [3, 108].

Жасөспірімдер мен жастардың өмірінде әлеуметтік желілердің алатын орнын зерттеу мақсатында 2014-2015 жылдары мектеп оқушыларының, колледж және жоғарғы оқу орындарының, ПО оқу орындары тыңдаушыларының арасында әлеу-

меттік сауалнама жүргізілді. Респонденттерді таңдау үшін квонтті таңдау әдісі қолданылды. Сауалнамаға жауап берушілер жасы, жынысы және курсы (сыныбы) бойынша бөлінді.

Зерттеудің объектісі ретінде мектептің 9, 10, 11 сынып оқушылары, колледж және жоғарғы оқу орындарының 1- және 2-курс студенттері мен тыңдаушылары қатысты.

Зерттеудің пәні – қазіргі кездегі жасөспірімдер мен жастардың бос уақыттарын өткізудегі әлеуметтік желілердің алатын орыны.

Зерттеудің мақсаты – жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтенуіне ғаламтордың пайдасы мен зиянын анықтау.


Зерттеудің міндеттері:

- жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік желілерді жиі пайдаланатынын анықтау;
- жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік желілерді қандай мақсатта қолданатынын анықтау;
- жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әлеуметтік желілердің әсері туралы респонденттердің көзқарастарын зерттеу;
- әлеуметтік желілердің жасөспірімдер мен жастардың бос уақыттарын өткізуге көмектесетінін анықтау.

## Негізгі бөлім

1991 жылы экономист және демограф Нейл Хоув пен тарихшы Уильям Штраус өздерінің «Generations» («Поколения») атты еңбегінде атақты ұрпақтар теориясын ойлап тапқан болатын. Бұл теория бойынша белгілі бір уақытта тәрбие мен құндылықтарды бастарынан өткерген адамдар жастарына қарай 6 топқа бөлінген, яғни G1 ұрпақтары (1900-1923 ж.т.); үндестер ұрпақтары (1923-1943 ж.т.); Беби-Бумер ұрпақтары (1943-1963 ж.т.); X ұрпақтары (1963-1984 ж.т.); Милениум немесе Y ұрпақтары (1984-2000 ж.т.); Z ұрпақтары (2000 ж.т. бастап) [4, 25] (1-сурет).

X ұрпақтары – ХХІ ғасырдың жас ата-аналары. Y пен Z ұрпақтары – қазіргі кездегі үлкен ересектер мен біздің кішкентай балаларымыз, яғни оларды басқаша *сандық азаматтар* деп те атайды. Олардың негізгі құндылықтары жаһандану процестерімен, ақпараттық технологияның, ұялы байланыстың және интернеттің дамуымен байланысты. Сондықтан ата-аналар мен балалардың арасындағы құндылықтар қақтығысы бұл ғасырда сандық сипат алады және ұрпақтар арасындағы сандық үзікпен анықталады.



1-сурет – Ұрпақтар теориясы

Біз ұрпақтар арасындағы құндылықтарды анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Сауалнаманың нәтижелеріне талдау жасау барысында, қазіргі кездегі жастардың өмірінде виртуальді әлеуметтік желілер маңызды орын-


ға ие болып отырғанын байқаймыз. Бұл туралы жүргізілген зерттеулер нәтижелерінің мәліметтері көрсетіп тұр. Мысалы, респонденттердің 96%-ы әлеуметтік желілерді белсенді қолданушылары екенін мақұлданды.

Әлеуметтік желілерге тіркелген жасөспірімдер мен жастардың интернеттегі «өтілімі» шамамен 20% – бір жыл, 55 % – 2-3 жыл, 25 % – 4-5 жыл болған (2-сурет).

2000-жылдары жастардың бос уақытын өткізу туралы зерттеулермен салыстырғанда коммуникациялық тұтынушылықта біршама өзгерістер болғандығын байқауға болады. 2000-жылдардың басында жастардың бос уақытын өткізудің негізгі формасы – жолдастарымен кездесу және теледидар көру болса, 2015 жылғы респонденттер бос уақыттарының негізгі бөлігін әлеуметтік желілерде отырамын деп жауап берген.

Сөйтіп Интернеттегі әлеуметтік желілер балалар мен жасөспірімдердің өзара қарым-қатынас жасау тәсілдерінің өзгергендігін ескере кеткен жөн. Жалпы алғанда, Интернет қолданушылар үшін әлеуметтік желілер 20% үшін – музыка тыңдауға және кино көруге, 15% үшін – ешқандай мақсатсыз бос уақытын әлеуметтік желілерде отыруға қажет. Осылайша олар өздерінің «бос уақыттарын» толтыруға тырысады.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ата-аналарының әлеуметтік желілерді пайдалантыны туралы жауаптары былайша бөлінді: 45% – ата-анасының екеуі де, 30% – ата-анасының біреуі пайдаланса, 25% – мүлдем әлеуметтік желіні пайдаланбайды. Бұдан ата-аналардың 25%-ының әлеуметтік желі туралы ешқандай түсінігінің болмайтындығын және оның зияны туралы мәліметтерінің жоқ екендігін байқаймыз.



**2-сурет** – Әлеуметтік желілерді пайдаланғандығына қанша уақыт болғандығы туралы респонденттер жауаптарының бөлінуі

Балалар мен жасөспірімдер өздерінің бос уақыты бола қалса, Интернетте отыруға тырысады. Сауалнамаға жауап бергендердің 36%-ы күніне 3-4 сағат «онлайнда», әлеуметтік желілерде отыратынын, 40%-ы – күніне 1-2 сағат, ал 15%-ы – 5-6 сағат жұмсайтынын, 6%-ы – мүмкіндік болса тәулік бойы отыруға бар екенін жасырмаған (3-сурет).


Жасөспірімдер мен жастардың құқықтық мәдениетін анықтауға арналған сұрақтың нәтижесі бойынша, респонденттердің 60%-ы өздерінің хакер болғылары келетіні, 40%-ы болғысы келмейтіні белгілі болды. Хакер болғылары келетіндердің көп бөлігі ұлдар, бірақ ескере кететін жайт, қыздардың шамамен 50%-ы хакер болғысы келеді екен. Біздің көзқарасымызша, жасөс-

пірімдер мен жастарға хакерлік компьютерлік қылмыстарға жататынын саналарына сіндіріп, олардың құқықтық мәдениетін жоғарылатуымыз қажет.


Сонымен қатар респонденттерге, олардың интернетке тәуелділіктерін анықтайтын К. Янгтің интернет-тәуелділікке байланысты психологиялық тесті жүргізілген болатын. Жүргізілген тестінің нәтижесі бойынша, жауап бергендердің 20%-ының интернет-тәуелділігі анықталды.

Бұл зерттеуден байқайтынымыз, балалар мен жасөспірімдер өздерінің бос уақыттарының

бірнеше сағатын Интернеттегі әлеуметтік желілерде өткізеді. Яғни балалар мен жасөспірімдер виртуальді қарым-қатынастың шын өмірдегі қарым-қатынасты алмастыра алмайтынын біле тұра, бос уақыттарының барлық бөлігін әлеуметтік желілерде отырады. Сонымен қатар жауап алынған респонденттердің басым көпшілігі өздерінің Интернетке тәуелділігін мойындағысы келмейді. Тек 20%-ы ғана интернетке тәуелді екендігін мойындаса, 40%-ы «мен өзімді бақылауда ұстай аламын», 60%-ы тәуелді емеспін деп есептейді (4-сурет).




3-сурет – Әлеуметтік желіге қанша уақыт жұмайтындығы туралы респонденттер жауаптарының бөлінуі



4-сурет – Интернетке тәуелдімін деп есептейсіз бе деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Қазіргі таңда Интернет балалар мен жасөспірімдер өмірімен тығыз байланыста екендігін дәлелдейді және оны пайдалы екендігінен күмәнданбайды. Әлеуметтік желінің қандай пайдасы бар деген сұраққа жауап алынғандардың 55%-ы бұл қарым-қатынас («әңгімелесу») деп жауап




5-сурет – Әлеуметтік желінің пайдасы туралы респонденттердің жауабының бөлінуі

берген. Көптеген жағдайларда жасөспірімдер әлеуметтік желіде достарымен, жолдастарымен әңгімелеседі, сөйтіп 30%-ы өздерінің бос уақыттарын «өлтіреді». Тек респонденттердің 19%-ы ғана ешқандай пайда әкелмейтінін айтқан (5-сурет).

Қазіргі заман жастарының әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарының жоқтығын және олардың бос уақыттарында Интернетте отыратындығын байқауға болады. Респонденттердің «Сіз әдеби кітапты соңғы рет қашан оқыдыңыз» деген сұраққа 64%-ы есімде жоқ, 19%-ы уақытының жетпейтіндігін, 8%-ы кітап оқудың маңызды емес екендігін, 7%-ы қазіргі кезде кітап оқу сәнді емес екендігін айтқан (6-сурет).

Ал егер әлеуметтік желілер денсаулығыңызға және сабағыңызға бөгет жасайтын болса, онда сауалнамаға жауап бергендердің 65%-ы оған дайынмын, 20%-ы дайын емеспін, 25%-ы жауап беруге қиналамын деп жауап берген. Осыдан шығатын қорытынды, жасөспірімдер мен жастарға әлеуметтік желілердің кері әсері бар екендігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет деп ойлаймыз.



6-сурет – Әдеби кітапты соңғы рет оқығаны туралы респонденттер жауабының бөлінуі

Осы кезге дейін Қазақстанда мұндай мәселе туындамады. Бірақ қазір интернет мүмкіндіктер жастардың көп бөлігін қамтып үлгерді. Бір жағынан виртуальді қарым-қатынас жасау, хабар алмасудың, жаңа тез қарқынды бағдарламалардың және Интернеттегі тұтынушылар арасындағы жасөспірімдер санының өсуі, екінші жағынан оған қарсы қылмыстылықтың алдын алу бойынша кешенді шаралардың болмауы жастардың

арасындағы девиантты мінез-құлықтың өсуіне алып келді.

Қазіргі уақытта әлемдегі қылмыс деңгейінің төмендеуін түсіндіруге тырысатын бірнеше гипотезалар бар. Профессор Я.И. Гилинский келесідей гипотеза ұсынады: «1990 жылдың соңынан – 2000 жылдың басында әлемде қылмыстың саны мен деңгейінің азаю тенденциясы байқалады. Яғни адам өлтіру деңгейі (100 мың

тұрғынға) Ресейде 2001 ж. 23,1-ден – 2013 ж. 10,0-ға дейін, АҚШ-та 1998 ж. 6,2-ден – 2011 ж. 4,7-ге дейін, Германияда 2002 ж. 1,2-ден – 2011 ж. 0,8-ге дейін, Колумбияда 2002 ж. 72,2-ден – 2011 ж. 33,2-ге дейін, Жапонияда 2004 ж. 0,6-дан – 2011 ж. 0,3-ке дейін төмендеген. Тіркелген қылмыстардың көп бөлігін «көше қылмыстары» құрайды – өмірге, денсаулыққа, меншікке қарсы қылмыстар. «Көше қылмыстарының» негізгі субъектілерін жасөспірімдер мен жастар құрайды», ал олар соңғы онжылдықта виртуальді әлем – Интернетке «көшіп» кетті. Олар онда кездеседі, ғашық болады, достасады, жек көреді, алдайды, өлтіреді, алаяқтық әрекеттер жасайды және т.б.» [5].

Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі тағы бір жұмысы – қарым-қатынастың анықтау. Интернеттегі анонимдік және жазаланбаушылық оған себепші болды. Әлеуметтік желілерде балағаттау және арын аяққа таптау кең қанат жайып барады. Бір адамды көбінесе құрбылары (сыныптастары) тарапынан жаппай жамандау арнайы атауға да ие болды – «кибермоббинг». Қазіргі уақытта бұл құбылыс психологтар тарапынан кеңінен зерттеліп жатыр, өйткені мұндай жағдайлар жаппай көрініс беруде. Ал мұндай виртуальді зорлық-зомбылық көрсетудің соңы өзін-өзіне қол сұғуға алып келуі мүмкін.

Біздің ойымызша, жасөспірімдер әлеуметтік желілерде көп психологиялық қысымға тап болады. Соңғы кездері виртуальді ортада «буллицид» деген терминді жиі кездестіреміз. *Буллицид* – психологиялық зорлық-зомбылық көрсету арқылы балаларды өзіне-өзі қол жұмсауға итермелеу. Статистика бойынша әлеуметтік желілердегі қудалау немесе сұхбаттасудың себептерінен жыл сайын әлемде жүзден астам адам өзіне-өзі

қол жұмсайды екен. Мысалы, Ақтөбеде 17 жасар қыз бала «В Контакте» әлеуметтік желісіндегі «Ақтөбе тауықтары» атты топта оның фотосы қойылып, белсенді түрде төсек қатынасымен айналысып қана қоймай, өзінің жыныстық ауруларды жұқтыратыны туралы ақпарат жарияланғаннан кейін өзіне-өзі қол жұмсаған [6]. Каратәден әлем чемпионы атанған 17 жасар қыз бала әлеуметтік желідегі қудалаудан кейін суицид жасаған [7]. Кәмелетке толмағандардың онлайн-сервистерде тіл тигізу мен қорқыту әсерінен суицидтің көбейіп кетуіне байланысты АҚШ-та киберқорқыту (cyberbullying) мен киберқудалау (cyberstalking) үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу қызу түрде талқылануда [8].

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, кәмелетке толмағандардың арасында өзіне-өзі қол жұмсау өсіп келеді [9] (1-кесте).

Елімізде интернет-ортаның жасөспірімдерге тигізетін теріс әсері толық зерттелмей отыр. Біздің зерттеуіміз бойынша суицидті насихаттайтын сайттар жасөспірім қазақстандықтар үшін үлкен қауіп төндіріп тұр. Шынайы өмірде суицид туралы әңгімелесетін адамды кездестіру қиын. Қазір жасөспірімдердің ата-аналары көп уақыттарын жұмыста өткізеді. Сондықтан балалардың көпшілігі өздерінің проблемаларын айтатын адам таба алмай, олар Интернетке жүгінуге тура келеді. Сол кезде олар сайтқа немесе әлеуметтік желіге кіріп, өзінің болашақтағы әрекеті туралы өзінің жақтастарымен бөлісі бастайды. Ол Интернетте жақтастарын табады, біреуі – суицидте партнер болуды ұсынса, екіншісі – өзін-өзі өлтірудің тиімді әдісін ұсынады. Сол кезде оның ойындағы әрекеті шындыққа ұласуы мүмкін.

1-кесте – Тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер (ескі Қылмыстық кодекс бойынша)

Бап	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (102-бап)	4	7	58	96

Естеріңізге салатын болсақ, Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасында өзін-өзі өлтіру жағдайлары әлеуметтік желілермен байланысты болды. Мысалы, 2013 жылдың мамыр айында Алматыдағы 12 қабатты үйден екі жасөспірім секіріп кеткен. Кейін олардың жолдастары олардың өзін-өзі өлтірумен байланысты интернет тобы-

ның белсенді мүшелері болғандығын хабарлады [10]. Алматыда бесінші қабаттан секіріп кеткен тоғызыншы сыныпта оқыған қыздың Интернет парақшасында суицидтік сипаттағы жазбалар табылған [11]. Павлодарда 12 жастағы оқушының өзін-өзі өлтіруіне компьютерлік ойындарды шектен тыс ойнауымен байланыстырған [12].

Бірақ, өкінішке орай, Қазақстанда бұл проблема бойынша маңызды зерттеулер аз болып тұр. Жастар мен жасөспірімдердің арасында бейқамдықтың пайда болуы, болашақта халықты демографиялық дағдарысқа, жаппай әлеуметсізденуге алып келуі ықтимал, яғни салдары мемлекеттің дамуына ықпал етуі мүмкін.

### Қорытынды

Әлеуметтік желіні кім қалай пайдаланатынын өздері біледі және оған ешкім шектеу қоя алмайды. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» демекші, оның пайдасы да, зияны да бар. Жаманына жоламай, жақсы тұсын тиімді пайдаланған дұрыс.

Сауалнаманың және жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша мынандай қорытындылар жасауға болады:

– қазіргі қоғамның даму кезеңіне байланысты Интернет кәметке толмаған тұлғалардың қалыптасуында негізгі рөл атқарады;

– Интернет орта тұлғаның әлеуметтенуіне отбасы және мектеппен бірге негізгі факторға айналды. Болашақта оның рөлі тез қарқынмен дамиды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпақты дайындайтын педагогикалық кадрларды дайындау құрылымында ақпараттық-психологиялық, ақпараттық-криминологиялық және рухани-имандылық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді қарастыру керек. Біз-

дің көзқарасымыз бойынша, оқу процесіне «*Mediaпедагогика*» деген жаңа пәнді енгізу қажет. Жаңа пәннің мақсаты – оқушыларға ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік технологияларын оқыту, ақпараттық қауіптерге қарсы әдістерді оқыту болуы керек;

- Қазақстандағы Интернеттегі желілік қатынастарды реттейтін нормативті-құқықтық базаны жетілдіру қажет;

- балаларды қылмыстық ақпараттардан шектеуге байланысты үнемі ересектермен ақпараттық қауіпсіздік туралы тәрбие жұмыстарын жүргізу;

- суицидтің алдын алу мақсатында оны насихаттағаны үшін қылмыстық құқыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн;

- қандайда бір интернет-алаңын суицидтің алдын алу құралы ретінде пайдалануға болады. Суицид туралы айтылатын сайттарда жасырын психологтар жұмыс жасауы қажет және бұл жұмысқа суицидтің нәтижесінде балаларынан айырылған ата-аналарды жұмылдырған дұрыс;

- ата-аналарға интернеттегі қауіптер туралы насихат жұмыстарын жүргізуге ерекше көңіл бөлу керек;

- полиция органдары білім беру мекемелерімен бірлесіп оқу орындарында, оқушылар мен студенттер жиналатын жерлерде әлеуметтік желілер мен интернеттің теріс жақтары туралы ақпараттық стендтер орналастыру.

### Әдебиеттер

- 1 How Many Online. Сайт Nua URL: <http://www.nua.ie/surveys/how-many-online/word.html>
- 2 К 2018 году интернетом будут пользоваться почти 50% населения планеты [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://geektimes.ru/post/241780/> (дата обращения: 06.04. 2015).
- 3 Бакытгова А., Нурбекова Ж.А. Статусы как показатель востребованности информации в социальных сетях с отечественным сегментом пользователей // Вестник КазНУ. Серия психология и социология. – 2014. – №1 (48). – С. 107-119.
- 4 Цифровая компетентность подростков и родителей. Результаты всероссийского исследования / Г.У. Солдатова, Т.А. Нестик, Е.И. Рассказова, Е.Ю. Зотова. — М.: Фонд Развития Интернет, 2013. — 144 с.
- 5 Гилинский Я.И. Девиантность молодежи в глобальном мире [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://crimpravo.ru/blog/3216.html#cut>
- 6 Группа в «ВКонтакте» «Курицы Актобе» довела до смерти 17-летнюю девушку [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://tengrinews.kz/events/gruppa-v-vkontakte-kuritsyi-aktobe-dovela-do-smerti-17-letnyuyu-devushku-263962/> (дата обращения: 07.04. 2015).
- 7 Чемпионка России по карате выбросилась с 16-го этажа в Новосибирске в отместку тренеру и бывшему парню? [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://nsk.kp.ru/daily/26275.4/3152210/> (дата обращения: 07.04. 2015)
- 8 Косенко А.Н., Черный Г.А. Общая характеристика психологии киберпреступника // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. – 2012. – №3. – С. 87-94.
- 9 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. Ақпараттық сервис. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>(дата обращения: 29.03. 2015).
- 10 О сайтах для самоубийц предложили рассказывать в школах Казахстана [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/o-saytah-dlya-samoubiyts-predlojili-rasskazyivat-v-shkolah-kazakhstan-236154](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/o-saytah-dlya-samoubiyts-predlojili-rasskazyivat-v-shkolah-kazakhstan-236154) (дата обращения: 31.03. 2015).



11 Суицидальные сайты взяла под контроль Генпрокуратура Казахстана [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/suitsidalnyie-saytyi-vzyala-pod-kontrol-genprokuratura-kazahstana-241341/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/suitsidalnyie-saytyi-vzyala-pod-kontrol-genprokuratura-kazahstana-241341/) (дата обращения: 31.03. 2015).

12 12-летний школьник повесился на поясе от кимоно в Павлодаре [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://tengrinews.kz/events/12-letniy-shkolnik-povesilsya-na-poyase-ot-kimono-v-pavlodare-241106/> (дата обращения: 02.04. 2015).

### References

- 1 How Many Online. Retrieved from <http://www.nua.ie/surveys/how-many-online/word.html>
- 2 By 2018, the Internet will use almost 50% of the world's population. Retrieved April 6, 2015, from <http://www.geektimes.ru/post/241780/>
- 3 Bakytova, A., Nurbekova, J. Statuses as indicators of the demand for information in social networks with domestic segment of users. // Bulletin of the KazNU, A series of psychology and sociology, 2014, №1 (48). – P.107-119.
- 4 Digital competence of adolescents and parents. The results of the All-Russian Research / H.W, Soldatov, T.A. Nestik, E.I. Rasskazova, E.J. Zotov. – М.: Internet Development Fund, 2013. – 144 p.
- 5 Gilinsky, J. Deviance of youth in the global world. Retrieved from <http://www.crimpravo.ru/blog/3216.html#cut>
- 6 Group in «VKontakte» called «Chicken Aktobe» brought to the death a 17-years-old girl. Retrieved April 7, 2015, from <http://tengrinews.kz/events/gruppa-v-vkontakte-kuritsyi-aktobe-dovela-do-smerti-17-letnyuyu-devushku-263962/>
- 7 Russian champion in karate jumped from the 16th floor in Novosibirsk in retaliation to the coach and ex-boyfriend? Retrieved April 7, 2015, from <http://nsk.kp.ru/daily/26275.4/3152210/>
- 8 Kosenko, A. & Cherniy, G. General characteristics of the psychology of a cyber criminal // Criminological journal of Baikal State University of Economics and Law, 2012, №3, P. 87-94.
- 9 Committee for Legal statistics and special accounts of the Prosecutor Generals office of the Republic of Kazakhstan. Information service. Retrieved March 29, 2015, from <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
- 10 It was offered to talk about the site for suicides in the schools of Kazakhstan. Retrieved March 31, 2015, from [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/o-saytah-dlya-samoubiyts-predlojili-rasskazyivat-v-shkolah-kazahstana-236154](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/o-saytah-dlya-samoubiyts-predlojili-rasskazyivat-v-shkolah-kazahstana-236154)
- 11 Suicidal sites were taken on the control of the Prosecutor General of Kazakhstan. Retrieved March 31, 2015, from [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/suitsidalnyie-saytyi-vzyala-pod-kontrol-genprokuratura-kazahstana-241341/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/suitsidalnyie-saytyi-vzyala-pod-kontrol-genprokuratura-kazahstana-241341/)
- 12 12-year-old student hanged himself on a belt of a kimono in Pavlodar. Retrieved April 02, 2015, from <http://tengrinews.kz/events/12-letniy-shkolnik-povesilsya-na-poyase-ot-kimono-v-pavlodare-241106/>